



090000, Орал қаласы,
Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 201

090000, город Уральск,
проспект Нұрсұлтан Назарбаев, 201

№ _____

Орал қаласы

№ 17-5

12 наурыз 2025 жыл

**Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2008 жылғы 16 мамырдағы
№7-8 «Кәмелетке толмағандардың істері мен олардың құқықтарын қорғау
жөніндегі облыстық комиссияның құрамы туралы» шешіміне өзгеріс
енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңына және Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 20 желтоқсандағы №368 қаулысына сәйкес Батыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2008 жылғы 16 мамырдағы №7-8 «Кәмелетке толмағандардың істері мен олардың құқықтарын қорғау жөніндегі облыстық комиссияның құрамы туралы» шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімімен құрылған Кәмелетке толмағандардың істері мен олардың құқықтарын қорғау жөніндегі облыстық комиссияның құрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Облыстық мәслихат
төрағасы

М. Мұқаев

2025 жылғы 12 наурыздағы №17-5
Батыс Қазақстан облыстық
мәслихатының шешіміне қосымша

Кәмелетке толмағандардың істері мен олардың құқықтарын қорғау
жөніндегі облыстық комиссияның құрамы

Батыс Қазақстан облысы әкімінің әлеуметтік салаға жетекшілік ететін
орынбасары, комиссияның төрағасы;

Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының басшысы, комиссия
төрағасының орынбасары;

Батыс Қазақстан облысы полиция департаментінің жергілікті полиция
қызметі басқармасының бастығы, комиссия төрағасының орынбасары (келісім
бойынша);

Батыс Қазақстан облысы әкімі аппаратының осы салаға жетекшілік ететін
бас инспекторы, комиссия хатшысы.

Комиссия мүшелері:

Батыс Қазақстан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының
басшысы;

Батыс Қазақстан облысы қоғамдық даму басқармасының басшысы;

Батыс Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасы басшысының
орынбасары;

Батыс Қазақстан облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік
бағдарламалар басқармасының басшысы;

Батыс Қазақстан облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі
басқармасы басшысының орынбасары;

Батыс Қазақстан облысы әділет департаментінің басшысы (келісім
бойынша);

Батыс Қазақстан облысының төтенше жағдайлар департаменті
бастығының орынбасары (келісім бойынша);

Батыс Қазақстан облысы қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің бастығы (келісім бойынша);

Батыс Қазақстан облысындағы адам құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл (келісім бойынша);

Батыс Қазақстан облысындағы бала құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл (келісім бойынша);

Қырықбаев Қанат Жайықұлы – ардагер ұстаз (келісім бойынша);

Щукина Людмила Юрьевна – облыстық отбасы үлгісіндегі балалар ауылының қамқоршылық кеңес төрағасы (келісім бойынша);

Жардемов Муслим Гилманович – қоғамдық бірлестіктің төрағасы (келісім бойынша);

Атауов Бауыржан Аяпбергенович – Батыс Қазақстан облысы қоғамдық кеңесінің төрағасы (келісім бойынша).